



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2023 жылғы 12 сәуірдегі
№ ДС -54*

Құрметті депутаттар!

Букмекерлік кеңселерге, Интернет желісі арқылы ұсынылатын құмар ойындар мен мөлшерлемелерге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Парламент Мәжілісінің VII шақырылымының депутаттары (Е.Бейсенбаев, Д.Закиева, Е.Жаңбыршин, М.Ахметов) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобаларына (бұдан әрі – заң жобалары) бастамашылық жасады.

Заң жобалары шеңберінде банктерге және төлем жүйелеріне ойын бизнесін шетелдік ұйымдастырушылардың заңсыз қызметі кезінде қаржы операцияларын жүргізуге тыйым салуды белгілеу, бұқаралық ақпарат құралдарында букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасын шектеу, ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, оның ішінде Интернет желісін, байланыс құралдары мен лотерея терминалдарын пайдалана отырып, лотерея билеттерін таратуға тыйым салуды енгізу, 21 жасқа дейінгі адамдарды құмар ойындарға тарту және бәс тігу үшін заңды тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу бойынша және т.б. түзетулер көзделген.

Қазіргі уақытта заң жобалары бойынша Үкімет қорытындыларының жобаларын Мәдениет және спорт министрлігі белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп пысықтауда.

Осы мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, оны шешу бағытында Үкіметпен қатар қоғам өкілдерінің және депутаттық корпусстың атсалысуы қажет

деп санаймыз. Үкімет Сіздермен бірге заң жобалары шеңберінде ойынға тәуелділікке қарсы тұру бойынша нақты ұсыныстарды талқылауға дайын екендігін білдіреді.

А. Көлгінов

Орын. Қалықова А.М. тел. 745675

Тізім

Ж. Әшімжан
А. Әлтай
Е. Бейсенбаев
Ә. Жұбанов
Қ. Иса
С. Нұртаза
Ж. Сүлейменова
Р. Зайытов
Д. Мұқаев